



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№43 (899) Сәрсенбі 23 қазан 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫС ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Қызылорда қаласындағы «Евразия» спорт кешенінде қазақ күресінен арнаулы және құқық қорғау органдары, күштік құрылымдар арасында ҰҚК Төрағасының жүлдесіне арналған «Ұлттық Қауіпсіздік Барысы» республикалық жарысы ұйымдастырылды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысушыларға сәттілік тілеп, Сыр спортының жетістіктерін атап өтті.

«Елімізде тұңғыш рет қазақ күресінен арнаулы және құқық қорғау органдары, күштік құрылымдар арасында Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының жүлдесіне арналған «Ұлттық Қауіпсіздік Барысы» дүбірлі додасы басталды. Ерекше маңызы бар республикалық жарыстың біздің өмірімізге бастау алғанына ризашылығымызды білдіреміз.

Ел спортының дамуына Сыр спортшыларының қосқан үлесі мол. Биыл ұлттық құрамаға облыстан 690 спортшы қосылды. Жыл басынан бері аймақ спортшылары республика чемпионаттары мен кубоктарынан 668 медаль жеңіп алса, Әлем

және Азия чемпионаттары мен кубоктарынан 93 медаль иеленді. Астана қаласында өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында ел намысын қорғағандардың барлығы дерлік жоғары нәтиже көрсетті.

Спорт – сан қырлы сала. Ондағы мәселелер мемлекеттің ғана емес, жан-жақты қолдау арқылы шешіледі. Мұны ет-жүрегіміз сезінген жанашыр жерлестеріміздің арқасында аймағымызда көптеген жана нысан құрылысы жүреді, алдағы уақытта да ауқымды жоспарымыз бар. Жуырда ғана сол жағалаудан Үстел теннисі орталығын ел игілігіне табыстадық. Бүгінде халықаралық стандарттарға сай 10 мың орындық Орталық стадионның құрылысы қарқынды жүреді. Жастар мен

балаларды үйірмелермен камтуға мүмкіндік беретін «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешені салынады. Сондай-ақ, 10 кешеннің құрылысы басталды. Көшпелілер күресінің басты қағидасы қашанда әділеттілік болған. Сондықтан да қазақ күресінің тәрбиелік маңызы зор. Бүгін күш-қайраттарыңызды көрсетіп, жарыс көрігін қыздырыңыздар! Қорқыт бабамыздың рухы дем беріп, батырлар мен баһадүрлердің киесі қолдасын! Бақ пен бап қатар шапсын деп тілеймін! Ел іргесі берік, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!», – деді Н.Нәлібаев.

ҚР ҰҚК Қадрлар департаментінің бастығы Алмас Бекішов пен ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің бастығы Азамат Ишанов адамның рухын асқатқататын, ар-намыс пен қара күшті бойына тоғыстырған нағыз ерлер сыналатын сайыста палуандарға сәттілік тіледі. Жарыс қонақтары қатарында «Қазақстан барысының» жеңімпаздары Исайыт Истыбай мен Максат Сағабайлов бар.

Айтулы бәсекеге 9 командадан, атап айтсақ, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінен, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктерінен, ҰҚК Шекара қызметінен, Мемлекеттік қызметінен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінен, мамандандырылған күзет қызметі басқармасынан, Қылмыстық түзеу жүйесі комитетінен 45 спортшы қатысуға.

Жарыс 66, 74, 82, 90, 100 келі салмақта командалық есеп бойынша өткізіледі. Палуандарға 10 төреші әділ бағасын береді. Олардың қатарында ұлттық дәрежедегі төрешілер бар.

«ӘМІР АРЕНА» СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданына жұмыс сапары барысында жаңадан салынған «Әмір Арена» спорт кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

Салтанатты шараға Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, жауапты сала басшылары, еңбек ардагерлері мен аудан тұрғындары келді. Аймақ басшысы Қазалы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерге және Сыр спортындағы жаңалықтарға тоқталды.

Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен Сыр өңірінде мақсатты бастамалар қолға алынып, ауқымды жобалар жүзеге асуда. Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд. теңге болатын, бүгінде 744 млрд. теңгеден асты. Бұл қаражат аймақтың ең өзекті деген мәселелерін шешуге бағытталды. Ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру арқылы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға баса көңіл бөлінді. Өткен жылы Қазалы ауданының бюджеті 13 млрд. 600 млн. теңге

болса, биыл 17 млрд. 600 млн. теңгеге жетіп, 18,7 пайызға өсті. Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолы қайта жаңғыртылуда, 29 шақырым жолдар мен көшелер жөнделуде.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында кенттегі Жанқожа батыр, Әйтеке би көшелерін қайта жаңғыртуға қаржы бөлінді. Үш елді мекеннің (Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы және Қожабақы ауылы) электр желілері жаңғыртудан өтуде. Аудан орталығында «Руханият орталығы», Жанқожа батыр ауылында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен 300 орындық мектеп құрылысы қарқын алды. Биыл Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығына салынуы жоспарланған 600 орындық мектептің құрылысы басталды. Соңғы жылдары аймағымызда



«АЛҚА» БЕРУ ТӘРТІБІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ

Мәжілістің жалпы отырысында депутаттар жаңа заң жобаларын жұмысқа алып, мемлекеттік наградалар туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізді.

Мемлекеттік наградалар тізбесінен Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы ұғымы алынып тасталды. Оның орнына ел мүддесін қорғауда көрсеткен ерлігі, батырлығы, қаһармандығы үшін және адам өмірін сақтап қалуға байланысты жағдайларда қайтыс болғаннан кейін мемлекеттік наградалармен марапаттау мүмкіндігін заңнамалық тұрғыдан бекітеді. Енді «Алтын алқа» және «Күміс алқа» тек Қазақстан азаматтарына беріледі. Осыған байланысты аналардан Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы талап етіледі.

Сондай-ақ, ордендер мен медальдарды, төсбелгілер мен оларға арналған құжаттарды толығымен немесе сыртқы түрі не атауын мемлекеттік наградаларға ұқсас етіп белгілеуге және дайындауға тыйым салынады.



ӘБДІЖӘМІЛ НҮРПЕЙІСОВТІҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

Биыл Қазақстанның халық жазушысы, кемеңгер тұлға Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 100 жыл. Осыған орай Қазақстан халық партиясының бастамасымен Сыр өңірінде «Теңдесі жоқ кемеңгер жазушы» атты іс шаралар жүргізіледі. Осы шара аясында «Зерде» интеллектуалды мектебінде қаламгердің мерейтойына арналған кітап көрмесі өтті.

Әбдіжәміл Керімұлы Нұрпейісов 1924 жылы 22 қазан Қызылорда облысы, Арал ауданының Құланды поселкесінің Үшкөң ауылында дүниеге келген.

Әбдіжәміл Нұрпейісов – XX ғасырда қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан суреткерлердің бірі, қоғам қайраткері. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде ойып тұрып орын алатын шығармалардың бірі Әбдіжәміл Нұрпейісовке тиесілі. Оның «Қан мен тер» трилогиясы, басқа да шығармалары отыз шақты тілге аударылып, ұлттық әдебиетімізді дүние жүзіне танытып, әлем әдебиетшілерінің үздік бағасына ие болды. Атап айтсақ, француз Луи Арагон, ресейлік Юрий Казаков, Сергей Баруздин, Анатолий Ким, Николай Афанасьев, Лев Аннинский, Леонид Тераковский, Валентин Оскоцкий, испандық Август Видаль, қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов, башқұрт ақыны, жазушысы Мұстай Карім, неміс әдебиетшілері Лео Кошут, Ральф Шрейдер ол туралы тебірене жазды. «Қан мен тер» трилогиясы, «Сонғы парыз» дилогиясы – Әбдіжәміл Нұрпейісовтің ғана емес, күллі қазақ әдебиетінің жетістігі.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекеменіңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

АППАРАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ

Қала әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен 9 айдың қорытындысы бойынша аппарат мәжілісі өтті. Жиынның күн тәртібінде үш мәселе қаралды.

Алдымен орындаушылық тәртіп бойынша қала әкімінің аппарат басшысы Мұрат Тасқараев хабарлама жасап, хаттамалық тапсырмалар мен хаттардың орындалу барысы туралы баяндады. Орындаушылық тәртіп мәселесі жергілікті әкімдіктердің жұмыс сапасының негізгі индикаторының бірі. Сондықтан, барлық мәжілістердің хаттамалық тапсырмаларын мерзімінде әрі сапалы орындау маңызды. Осы ретте, қала әкімі түскен арыз-шағымдардың мерзімінде орындалуын, сондай-ақ, «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі мен «Таза Қазақстан» телеграм бот арқылы жолданған өтінімдердің орындалуында мерзім бұзушылықтарға жол берілмеуін қағажы тапсырды.

Келесі мәселе, қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Жәніс Файзуллаевтың 9 айдың қорытындысы бойынша атқарған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы баяндамасы тыңдалды.

Биыл құрылыс саласында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Биылға бөлінген қаражатқа тұрғын үй құрылысы, электр желілері, ауыз су жүйесі мен көзгі желілерін қайта жаңғырту, елді мекендерді газдандыру сынды жұмыстар жүргізілуде. Жиынды

жатқан жұмыстар жөнінде тоқталып өтті.

Биылғы жылға қаламыздың жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында құны 22 млрд. теңге болатын 70 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Оның ішінде, Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылына дейінгі жаңа жол құрылысы бойынша «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірінің құрылысы, сондай-ақ, Қ. А. Яссауи көшесін, Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылын және «Самара-Шымкент-Қызылорда» аудандық маңызы бар автомобиль жолын кеңейту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Мүлдем жол тартуға қаржы қаралып, мердігер анықталды. Ендігі ретте, қалаға қарасты елді мекендерден Қызылөзек ауылдық округіне газ жүйесін тартуға жобалау жұмыстары басталамақ.

Шаһар басшысы жауапты сала сапаға аса мән беріп, орындалу мерзімдерін қадағалап отыруын тапсырды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе, қаладағы жолдардың жай-күйі туралы қалалық тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мұрат Әбсұлтанов баяндама жасап, атқарылып



ҚАЛА ӘКІМІ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

Шаһар басшысы Нұржан Ахатов қала тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға келгендердің басым көпшілігі тұрғын үй, әлеуметтік жәрдемақы, атаулы әлеуметтік көмек, көсіпкерлікті қолдау бойынша ұсыныс-тілектерін жеткізді. Қала әкімі Нұржан Сәбитұлы тұрғындардың ұсыныс-тілектері ескерусіз қалмай, қажетті шаралар қабылданатын болады деді.

РАМАЗАН АЙЫ НАУРЫЗДА БАСТАЛАДЫ

Рамазан айы наурызда басталады. Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы 2025-ші жылғы діни күндердің кестесін бекітті. Оған сай ораза 1-ші наурызда басталып, Қадір түні 26-нан 27-не қараған түнге сәйкес келеді.

Ораза айт наурыздың 30-нан басталып, үш күнге созылады. Ал Құрбан айт маусымның алтысы, жетісі және сегізі күндеріне жоспарланып отыр. Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының мәлімдеуінше, Хижа айының басталуы халықаралық астрономиялық зерттеу орталықтарының мәліметтері негізінде жасалған.

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АТА-АНАНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТЕҢ БОЛУЫ КЕРЕК

Отбасы - тәрбие институты. Бала балалық шағында отбасынан не алса, оны кейін өмір бойы есінде сақтайды. Бірде бір тәрбие орталығы шаңырақтағы тәрбиемен салыстыруға келмейді. Өйткені үйде бала ең алдымен өзінің мінез-құлық нормаларын қалыптастырып, ортамен қарым-қатынасты игереді.

Жасөспірімдер кезеңінде ата-аналар қандай қателіктер жібереді? Баланың психологиялық дамуына ата-ананың мінез-құлық қаншалықты ықпал етеді? Осы және өзге де сұрақтар бүгін баспасөз алаңында талқыланды. «Бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігі» тақырыбында Өңірлік коммуникациялар қызметінің жанынан құрылған сарапшылар тобы ойын ортаға салып, журналистердің сұрақтарына жауап берді.

«Балаға қазақы тәрбиені сіңіргіміз келсе ата-әжені үйге қайтаруымыз керек. Абайды да Шоқанды да тәрбиелеген әжелері. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» дегендей бала үйінде көрген тәрбиесі өмір бойына оның әдетіне айналады. Қазақ баланы «сұт болады, обал болады, сауап болады» деген үш қағидамен тәрбиелеген. Қандай жағдай да осы үш қағидамен баланы тоқтама білді, балаға демеу болды, алға қарай жылжуына жәрдем берді», - деді Қорқыт ата Қызылорда университетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс-офицери, сарапшы Әлібек Жаппасбаев.

Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз, басты тұлға ол өзінің ата-анасы. Сондықтан әке де, шеше

де балаларының жан дүниесіне үніліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Бұл туралы Қызылорда қаласындағы №257 мектептің ата-аналар комитеті Жанат Қараманова тарқатып айтып берді.

«Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар "Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ" дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлуің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздарымен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа?! "Өжеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер" дейді халық даналығы. Отбасындағы басты мәселелердің бірі - баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарытып, жанында жүрген жолдастарына дейін мән беруі керек. Сондай-ақ, табиғат сыйлаған дарыны болса соны дамытып, дұрыс білім алуына жағдай жасау да ата-ананың өмірлік парызы», - деді Жанат Тұяқбайқызы.

Жақсы ата-ана жақсы балаларды тәрбиелейді. Болашақ ата-аналар арнайы әдебиеттерді



оқу немесе тәрбиенің арнайы әдістерін меңгеру арқылы жақсы ата-ана боламын деп ойлайды. Бірақ тек білім алу жеткіліксіз. Сарапшылар баланы тәрбиелегісі келген ата-ана алдымен өз бойын түзеу кергін айтты.

«Балалы әр бір ата-ана еш себепке қарамастан бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті естен шығармауы керек. Бала үшін алғашқы ұстаз - ата-ана. Одан кейін білім беру ұйымдарындағы мұғалімдері. Кез

келген бала жасаған тәртіпсіздігі мен басына түскен қиындығын ата-анасына қорықпай жеткізе білуі керек. Ата-анасы баланың мінсіз болғанын қалап, дауыс көтеріп ұрыса беретін болса, бала ешқашан ата-анаға ашылып әңгімесін айтпайды. Өйткені олар жазаланудан қорғады. Сондықтан жасөспірім шақта баламен дұрыс қарым-қатынас орнату маңызды», - деді Қызылорда облысы «Орда» жоғары колледжінің әдіскері, сарапшы Айгүл Бекенова.

65 247 АДАМ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН

Баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілгенов 9 ай қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы баяндады. Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде барлығы 32 625 кәсіпкерлік субъекті жұмыс жасауда. Бұл кәсіпкерлік субъектілерде 65 247 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында да кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шаралары жүйелі жүргізілуде. Атап айтқанда, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту мақсатында іске қосылған «Ауыл аманаты» жобасы аясында 16 жоба қаржыландырылды. «Іскер» бағдарламасы шеңберінде 117,3 млн.тенгені құрайтын 22 жоба қаржылай қолдау тапса,

«Қызылорда облысының ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеуді дамыту» пилоттық жобасында 289,5 млн.тенгеге 15 кәсіпкерлік субъектілерінің жобасы мақұлданып, 190,5 млн.тенгені құрайтын 9 жоба қаржыландырылды. Екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлік мақсатта ұсынылған несиелерін Даму қорымен субсидиялау шаралары да жалғасуда. Жыл

басынан бері жалпы құны 13,7 млрд. тенгені құрайтын 393 жоба қолдау тапты.

- Айтып өту керек, биыл өңдеу өнеркәсібін дамытуға басымдық берілуде. Биыл осы бағытта 72 млрд. 667 млн. тенгенің өнімі өндірілді. Сондай-ақ, жалпы құны 7 млрд. тенгені құрайтын 2 жоба іске қосылып, 43 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Бұл салада алдағы уақытта құны 11 млрд. тенгені құрайтын 2 жобаны іске асыру көзделуде. Оның бірі, қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу жобасы болса, бірі жоғары технологиялы айна шығару жобасы, - деп қорытындылады бөлім басшысы.

«АНАЛАР САУЛЫҒЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ



Денсаулық сақтау министрлігі жасөспірімдердің репродуктивтік денсаулығын сақтау және фертильдік жастағы әйелдердің денсаулығын нығайту мақсатында 8 іс-шарадан тұратын «Аналар саулығы» бағдарламасын әзірледі.

Министрліктің хабарлауынша, учаскелік дәрігерлер оның денсаулығының индексын анықтау үшін фертильдік жастағы әрбір

әйелді тексереді. Сондай-ақ жүктілікті жоспарлайтын әйелдер, жас қыздар мен жасөспірімдер ерекше бақылауда болады.

Қауіпсіз жүктілікті қамтамасыз ету үшін сауықтыру шаралары жүктілік басталғанға дейін гравидаралды даярлық түрінде жүргізіледі. Гравидаралды даярлық - денсаулық жағдайын бағалауға және ерлі-зайыптыларды бала көтеруге, кейіннен жүктілікке және сау баланың тууына даярлауға бағытталған диагностикалық, профилактикалық және емдеу іс-шараларының кешені.

«Еліміздің әрбір әйелі жас кезінен бастап уақтылы және сапалы медициналық көмек алуы маңызды. Еліміздің әрбір әйелін емханаға барып, жүктілікті жоспарлау алдында тексеруден өтуде шақырамыз. Бүгінгі таңда біздің елде 10 миллионнан астам әйел тұрады, оның 4,7 миллионы - фертильдік жастағы әйел. Олар отбасыларда орталық рөл атқарады. Әйелдер денсаулығын сақтау және нығайту - біздің тұрақты әлеуметтік-демографиялық дамуымыздың негізі», делінген хабарламада.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ӨСУДЕ

Өңірде денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру жыл сайын артып келеді. Қаржыландыру көлемі соңғы 5 жылда, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің арқасында, үш есеге жуық өсті. Бұл туралы Қызылорда облыстық мәслихатының Экономика, әлеуметтік және құқықтық мәселелер жөніндегі комиссиясының кеңейтілген отырысында «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАК Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Жақсылық Абдусаметов мәлімдеді.

Комиссия отырысы барысында Балжан Шөменованың төрағалығымен бірқатар өзекті мәселелер қаралды. Оның бірі - Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыс бойынша филиалы жұмысының қорытындылары. Филиал директоры Жақсылық Абдусаметов атап өткендей, егер 2019 жылы саланы қаржыландыруға 45,9 млрд.тенге жумсалса, 2024 жылы - 120,3 млрд.тенге қарастырылды. Өсім 2,6 есе. МӘМС жүйесін енгізу арқылы салаға 35-40% қосымша қаржы келіп жатқанына арнайы тоқталды.

«5 жыл бұрын бір отаның құны орта есеппен 353,4 мың теңге болса, биыл 6 млн. теңгеден асты. Өсім 17,6 есе. Мысалы, бұл бас және мойын тамырларының эндотельиалдық (жаппай) эмболизациясы немесе окклюзиясы, интракраниальды артерияға стенттерді тері арқылы имплантациялау сияқты оталар. Автоматты кардиоверт/дефибриляторды, бивентрикулярлық дефибриляторды имплантациясы, бауыр трансплантациясы бойынша оталардың құны 9 млн. теңгеден астам», - деді спикер.

Жақсылық Әбілқасымұлы Денсаулық сақтау министрлігінің бірқатар нормативтік құқықтық актілерін енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, Қор филиалының ақпараттық-түсіндіру жұмыстары туралы айтты. Осы орайда, халықты МӘМС жүйесіне толық тартудың маңыздылығына тоқтала отырып, бірлесіп жұмыс жасауға шақырды. Баяндамашының айтуынша, облыста 129 890 (15,4%) адам МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған. Сонымен қатар, депутаттар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді. Отырыс соңында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша депутаттардың ұсыныстары ескеріліп, шешім жобасы тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысының қарауына ұсынылды.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қала тұрғындарын жайлы баспанамен қамтамасыз ету мақсатында шаһарда тұрғын үй құрылысы қарқын алған. Бұл жұмыстарға аймақ басшысының тікелей қолдауымен 20 млрд. теңге бөлінді. Биыл қалада 3 911 пәтерлі 74 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Оның 3 139 пәтерлі 58 тұрғын үйі бюджет есебінен, ал 772 пәтерлі 16 тұрғын үйі жеке инвестициялар есебінен салынууда.

Өткен жылы тұрғын үй құрылысын дамыту мақсатында өңірімізде алғаш рет Сол жағалау тұрғын ауданынан 504 пәтерлі құрайтын 7 қабатты 6 тұрғын үйдің құрылысы басталған болатын. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары толық аяқталып, абағандыру жұмыстары жүргізілуде. Жыл соңына дейін 7 қабатты 840 пәтерлі 10 үйдің жоба-сметалық құжаттары және сараптама қорытындысын алу күтілуде.

Жалпы, қалада жыл басынан бері 1323 пәтер табысталды. Жыл аяғына дейін 1390 пәтер пайдалануға беріледі.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» - ЖАСАМПАЗ ЖОБА

Ұлттық жоба аясында өңірде алғашқы 900 орындық «Жайлы мектеп» 1-ші қазан күні оқушыларға есігін айқара ашты. Бұл ғимарат Қызылорда қаласының Сол жағалауы тұрғындарының мемлекеттік мектепке деген сұранысына толық жауап береді.

Мектепте білім алушылардың, педагогтердің қауіпсіздігіне қатысты шаралар бірінші жолға қойылған. Яғни, баланың кіріп-шығуын қадағалайтын ішкі-сыртқы бейнекамералармен қамтылған. Ұстаздардың шығармашылығын еңбек етуіне барлық мүмкіндік жасалған. Ерекше балалар үшін кедергісіз орта құрылған. Ғимаратта заманауи робототехника кабинеттері, түрлі зертханалар, хореография залы, ковorking алаңдары бар. Мұндай жасампаз жоба білім беру жүйесін жаңартып, сауатты ұрпақ тәрбиелеуге жол ашады.

Айта кету керек, Мемлекет басшысының бастамасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы еліміздің барлық аймағында жүзеге асырылуда. Ұлттық жоба аясында 740 мың оқушыға арналған 369 мектеп салынады.



СЫР ДӘРІГЕРЛЕРІ МӘСКЕУДЕ БІЛІКТІЛІК АРТТЫРДЫ

Сыр дәрігерлері шетелде кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілік арттыру бағдарламасы бойынша Мәскеу қаласында білім жетілдіріп келді. Аймағмыздан барған 8 дәрігер хирургия, эндоскопия, неврология, кардиохирургия, анестезиология-реаниматология, неонаталды хирургия және балалар ортопедиясы бойынша біліктілік арттырды.

Мамандар Ресейдің жетекші клиникалық академиялық базалары мен №24 қалалық клиникалық ауруханасы, Ресей ми және нейротехнология федералды орталығы, Е.Н.Мешалкин атындағы ФМЗО, Ресей балалар клиникалық ауруханасы, Н.И.Пирогов атындағы РҰМЗУ филиалы, Ф.Филатов атындағы балалар қалалық клиникалық ауруханасы, Желел балалар хирургиясы және травматология ФЗИ мамандарымен тәжірибе алмасты.

Қараша айының 4-інен бастап өңір дәрігерлерінің екінші легі Беларусь Респубикасына оқуға жіберіледі.

«ДОМБЫРА-ДАСТАН» КӨРМЕСІ АШЫЛУДА

Республика күні қарсаңында Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Домбыра-Дастан» көшпелі көрмесінің салтанатты ашылуы өтті.

Көрмеге музей қорындағы ең құнды жәдігерлердің бірі де бірегейі XIX ғасырға жататын сүйектелген, күмістелген домбыра, ел бастаған батыр, қазақтың өр рухты ақыны Махамбет Өтемісұлының, Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының до м б ы р а л а р ы н ы н көшірмелері, КСРО-ның халық әртістері Нұрғиса Тілендиевтің, Жүсіпбек Елебековтың домбыралары, дәулескер күйшілер Әзілдолла Есқалиевтің, Рысбай Ғабдиевтің, Қаршыға Ахмедияровтың, Айгүл Үлкенбаеваның, Секен Тұрысбековтың, Асылбек Есенпояқтың домбыралары және өзге де әдебиет пен өнер майталмандарының, қоғам қайраткерлерінің, саз аспабын жасаушы шеберлердің домбыралары, саз аспаптары, барлығы 70-ке жуық жәдігер қойылды.

Айта кетейік, көрме С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында 29 қазанға дейін жалғасады

КІТАП ЖӘНЕ ҚАЛАМҒЕР



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Кітап және қаламгер» атты республикалық семинар өткізілді. Шара ақын және драматург, филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның халық жазушысы Әбділда Тәжібаевтың 115 жылдығы және 24-қазан – Кітапханашылар күні мерекесіне орай ұйымдастырылды.



Шара өңіріміздегі кітапхана ісінің дамуы мен өркендеуіне өз үлестерін қосып жүрген кітапхана мамандарын марапаттаумен басталды. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқарма басшысының орынбасары Қ.Жанұзақов сөз сөйлеп, бір-қатар әріптестерге марапаттар табыстады.

Семинар жұмыстарына Қазақстан Республикасы Ұлттық және Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасының мамандары арнайы келіп, облыс кітапханашылары үшін шеберлік сабақтарын өткізді. Атап айтқанда, «Қазақстанның мәдени және ғылыми мұрасының электрондық ресурсы: Ұлттық электрондық кітапхана» тақырыбында ҚР Ұлттық академиялық кітапхананың электрондық ресурстарды басқару қызметі жетекшісінің орынбасары Ратова Гүлшат, «Кітапхана қорларын консервациялау және қалпына келтіру мәселелері» бойынша ҚР Ұлттық кітапханасының консервация, қалпына келтіру және түптеу қызметінің жоғары дәрежелі реставратор маманы Ускембаева Меруерт өңір

кітапханашылары үшін үлкен тәжірибелермен бөлісті.

Сонымен қатар облыс кітапханашылары «Өрелінің өрісі кең» тақырыбында ұйымдастырылған интеллектуалды ойынға қатысты. Ал семинардың екінші бөлігі әдебиет майталманы, Қазақстанның халық жазушысы Әбділда Тәжібаевтың 115 жылдығына арналған шаралармен жалғасты. Ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында ҚР ҰАК директорының кеңесшісі Табаракқызы Айжан, ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері

Жаленова Қатира Сыздыққызы және Қоркыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент Искакова Гулнар Исламбекқызы әңгімелеп берді. Жастар ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Соған кейін барлық шара қонақтарының қатысуымен ақынның ескерткішіне гүл қою рәсімі болды. Мерекелік шара барысында «Кітапхана шежіресі», «Кітап. Кітапхана ісі», «Мәдениет саласының үздіктері» бөлімдерінен тұратын «Кітапхана-білімпаздар мекені» атты кітап көрмесі дайындалды.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Еңбек ардагері, «Құрмет» орденінің иегері Машбек Нәлібаевты еске алуға арналған қазақ күресінен жастар арасындағы Республикалық турнир өз мәресіне жетті. Қазақ күресінен жастар арасындағы Республикалық турнирге Астана, Шымкент қалалары, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Маңғыстау, Ақтөбе, Түркістан, Қызылорда, Павлодар, Ұлытау облысынан барлығы 153 балуан қатысты. Турнир қорытындысы бойынша төмендегі балуандар жеңімпаз атанды.



55 кг салмақ дәрежесі бойынша 1 орын Мирзатов Айбатыр (Ұлттық ат спорты орталығы) иеленсе, II орын Ержігітов Мейірман (Қызылорда облысы), III орын Болатбаев Ерасыл (Ақтөбе) және Серікбай Жамбылбек (Жамбыл облысы) жеңімпазы атанды. 60 кг салмақта 1 орын Исханов Нұрхат (Жамбыл облысы), II орын Әлиев Мұхтар (Шымкент қаласы), III орынды Накенов Ислам және Мамлянов Анар (Павлодар облысы) жеңімпаз атанды. 66 кг салмақта 1 орын Оразбаев Бағдаттың еншісінде болса, II орын Галымжан Бекжан (Ұлттық ат спорты орталығы), III орын Ерайын Жанат (Астана қаласы) пен Ахметбеков Ерасылға (Түркістан облысы) бұйырды. 72 кг салмақта Бағдаулет Ерасыл (Жамбыл облысы) жеңімпаз атанса, II орынды Дүйсебай Бектөре (Шымкент қаласы), III орынды Сабыр Қайсар (Жамбыл облысы) және Жұмақожа Мирас (Астана қаласы) жеңіп алды. 78 кг салмақта Рысмахан Темірлан (Жамбыл облысы) жеңімпаз атанса, II орын Бектұрхан Абылай, III орынды Әбдуқарим Нұрдаулет және Әлімбай Әли иемденді. 84 кг салмақта Шымкенттік Шайхслам Бауыржан жеңімпаз атанса, II орынды Салхан Сапарғали (Шымкент қаласы) III орынды Кемелбек Сабырбек және Карім Асылжан (Түркістан облысы) жеңіп алды. 90 кг салмақта Жамбыл



облысының балуаны Нұғман Бейбарыс жеңімпаз атанса, II орын Бейсенбай Мұхамеджан (Қызылорда қаласы), III орын Мұхит Диархан (Ақтөбе облысы) және Тұрсынбек Ақылжанға (Шымкент қаласы) бұйырды. 100 кг салмақта астаналық Сламшайықов Мейжан жеңімпаз атанса, II орын Жамбыл Нұрболат (Шымкент қаласы), III орын Наурызбай Бейсенбек (Манғыстау облысы) және Жанболатұлы Ернар жеңіп алды. 100 кг салмақ жеңімпазы астаналық Халхабаев Жасұлан атанды. II орын қызылордалық Сұлтан Бейбарыс бұйырса, III орынды Әбдісамитұлы Сардар (Түркістан

қаласы) мен шымкенттік Базарбай Олжас өзара бөлісті. Ал түйе палуандар додасында жамбылдық Нұғман Бейбарыс жеңімпаз атанса, II және III орын қызылордалық Сұлтан Бейбарыс пен шымкенттік Тұрсынбек Ақылжанға бұйырды. Барлық жеңімпаз, жүлдегер спортшылар демалушылардың арнайы тағайындалған медаль, кубок және бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Айта кетейік, «Құрмет» орденінің иегері Машбек Нәлібаевты еске алуға арналған қазақ күресінен жастар арасында Республикалық турнир 2005 жылдан бері дәстүрлі түрде ұйымдастырылууда.

ТАРИХИ КЕШ ӨТТІ

Қалалық № 20 кітапхананың ұйымдастыруымен Абай атындағы үш тілді дарынды балаларға арналған мектеп оқушыларының қатысуымен қазақ халықна шешендігімен аты қалған Әйтеке би Байбекұлының – 380 жылдығына арналған «Әйтеке бидің ақ жолы» атты тарихи кеш өтті.

Іс-шара барысында журналист, ақын, Қазақстан жазушылар одағы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Қаршыға Есімсейітова Өзбекстан жеріне барып Әйтеке бабамыздың Нұрата тауының етегінде мәңгілік мекен тапқаны жайында өзін журналисттік жолында атқарған үлкен еңбегі туралы өскелең ұрпаққа мол мағлұмат берді.

Сонымен бірге Қазақстан журналистер одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, «Ұстаз мәртебесі» газетінің бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы, Әйтеке би Байбекұлының 380 жылдығына байланысты жыл басынан бері өтіп жатқан іс-шаралардың маңызы және Әйтеке бабамыздың өмірі мен шешендік сөздері болашақ жастарға үлгі енеге болып үлкен рухани байлық беретіні жайлы айтып өтті.

Шараға Қызылорда облыстық филормониясы, Жыраулар үйінің дәстүрлі орындаушысы, республикалық халықаралық байқаулардың лауреаты Әділхан Қуаңбаев, Абай атындағы ДБА мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Асқар Шарманов қатысып, Әйтеке бидің еңбегі мен өмірі ұдайы өскелең ұрпаққа тереңдетіліп оқылуы керек деді. Тарихи кеште жастар да өз білген-түйгендерін ортаға салып, Әйтеке би Байбекұлы туралы тың ақпараттарды бөлі.

ЖАҚАЕВ САЛҒАН ІЗБЕНЕН...

Шиелі ауданында бұрынғы «Қызыл-Ту», қазіргі Ыбырай Жақаев ауылының 95 жылдық мерейтойы мен Жақаевшылар қозғалысының 60 жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтілді.

Салтанатты жиынға аудан әкімінің орынбасары Болатбек Ысмағұлов, аудандық мәслихат төрағасы Мұрат Тұрабаев, журналист, заңгер, Қазақстанның мәдениет қайраткері, ауданның «Құрметті азаматы» Ақайдар Ысымұлы, мемлекет қайраткері Алтыншаш Жағанова, жазушы, журналист, ауданның «Құрметті азаматы» Сәрсенбек Бекмұратұлы қатысты.

Ақшаңқан киіз үйлер тігіліп, ұлттық ойындар ойнатылды және мерекелік концерттік қойылым қойылып, Шиелі ауданынан шыққан Социалистік Еңбек Ерлерін сомдаған кейіпкерлер ортаға шығып, Ыбырай Жақаев үнемінен бастау алған Жақаевшылар қозғалысының құрылу тарихы көрсетілді. Мұнан соң, мерейтой аясында ұйымдастырылған «Үздік көше», «Үлгілі отбасы» байқауларының жеңімпаздары, еселі еңбегімен көзге түскен еңбеккерлер марапатталды.

Сондай-ақ, жыр мұшайрасы мен «Жақаев салған ізбенен...» атты халықтық мәдени-үгіт бригадаларының облыстық фестивалінің жеңімпаздары марапатталды.

«АЛТЫН САҚА» САЙЫСЫ БАСТАУ АЛДЫ

Қазақ мәдениеті мен руханиятында бала тәрбиесі басты бағдарға айналғаны айқын. Көнеде қарттарымыз баға бергенде жас жұбайларға «Алтын асықтай ұл» тілеп жататын. Балаға ұлттық болмысты сіңіруде асықтың маңызын бүгінгі жас ұрпаққа сіңіру, ертегі елдің сакалда ұрпақтарын қалыптастыру мақсатында Отбасы орталығы базасында «Алтын сақа» жобасы бастау алды.

Жастарға отбасындағы құндылықтарды интеллектуалды ойындар арқылы дәріптеп, оларды әлеуметтік желілерден алшақтатып, отбасындағы байланысты нығайтуға үйрететін жобаның алғашқы қатысушылары қаламыздағы №264 мектептің оқушылары болды. Алдағы уақытта білім ошақтарымен арнайы кестелік жоспар түзіліп, интеллектуалды ойын өз жалғасын табатын болады. Оқушылардан бөлек ата-аналардың қатысуымен өткізіледі.

АУДАН ӘКІМІ КІТАПХАНАШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Арал ауданының әкімі А.Оңғарбаев 24 қазан – Кітапханашылар күні мерекесіне орай бір топ сала мамандарын қабылдап, құрмет көрсетті.

Аудан басшысы кездесуде кітап пен кітапхананың маңыздылығына тоқталып, қос құндылықтың қадірлі мамандарына, олардың еңбегіне ерекше тоқталып өтті.

– Қадірлі кітапханашылар, құрметті руханият жанашырлары! Біріншіден бұл мерекені тек кәсіби кітапханашылардың ғана емес, ең алдымен кітаптарды жақсы көретін, кітапханашының мәдени және қоғамдық өміріндегі орасан зор рөлін түсінетін адамдардың мерекесі ретінде бағалауымыз керек. Кітап пен кітапхана бір-бірінен бөле-жарып



қарауға келмейтін егіз ұғым. Кітап адамзат өркениеті үшін айнымас азыққа айналса, кітапхана ғасырлар бойы келе жатқан биік парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы. Сол киелі орданың қадірлісіне айналған Сіздердің орындарыңыз біз үшін бөлек. Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап,

ел игілігіне жаратып жүрген Сіздерге ерекше Алғысымды білдіремін, – деді аудан әкімі. Сондай-ақ, бұл саладағы кейбір өзекті мәселелерді тілге тиек етіп, оны алдағы уақытта шешу жолдарын қарастыратынын жеткізді. Мерекелік басқосуға осы салада еңбек етіп келе жатқан бір топ кітапханашыларға аудан

әкімінің Алғысы табыстылып, арнайы сый-құрмет көрсетілді. Кітапханашылар атынан Қызылжар ауылдық кітапханасының кітапханашысы Мәдір Айымбетова әріптестерін мерекемен құттықтап, айтулы күнді ескерусіз қалдырмай құрмет білдіріп жатқан аудан әкіміне ризашылығын білдірді.

АУЫЛ ӘЙЕЛІ – БАҚ-БЕРЕКЕ БАҒБАНЫ

Халықаралық ауыл әйелдері және 25 қазан – Республика күні қарсаңында облыс орталығында еңбеккер аналарға арналған мерекелік басқосу болды. Оған аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген 40-қа жуық ел анасы арнайы қатысты.

Облыстың түкпір-түкпірінен жиылған делегация қаладағы бірқатар нысанның тыныс-тіршілігімен танысты. Атап айтқанда, «Абал және К» ЖШС өндіріс орнында Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиевпен жүздесіп, елімізде ең ірі күрші өндіруші компанияның жұмысымен танысты, жаңадан пайдалануға берілген Оқушылар үйі, Қызылорда медициналық жоғары колледжінде болып өскелең буынмен жүздесті. Еңбеккер аналар жас ұрпаққа адал еңбек, тура жол, маңдай термен тапқан табыстың берекелі болатынын түсіндіріп, өз өмірлерінен мысал келтірді.

«Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» тұжырымдамасы негізінде адал еңбек адамдарының жұмысшы мамандықтарды насихаттаған шара «Анаға тағзым» орталығындағы концерттік бағдарламамен қорытындыланды. Психолог Аруна Ерғеш «Анам және мен» медитациялық сессиясын өткізіп, қатысушылардың бір сәт балалық шаққа оралуына мүмкіндік жасады. «Ана» күйінен «бала» күйге саяхаттаған олар күнделікті күйбең тірліктен ой бөліп, анаға деген сағыныштарын басып, көз жасына ерік берді. Облыс әкімі жанындағы әйелдер және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия, «Сыр елі облыстық әйелдер кеңесі» КБ және «Анаға тағзым» орталығы ұйытқы болған шара соны мерекелік ән шашумен түйінделіп, сый-сияпаттар табысталды.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕНІҢ БІРІ

Сыбайлас жемқорлық қазіргі қоғамалдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Қазақстан Республикасының әрбір аумағында асыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп келеді.



Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу тек бақылау мен жазалауды ғана емес, сонымен қатар алдын алуды да қамтитын жүйелі тәсілді талап етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек мемлекеттің ғана емес сонымен қатар әрбір азаматтың ат салысуы қажет ету керек деп түсініміз. Біздің елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілгендіктен, сыбайлас

жемқорлық көріністерінің жолын кесу және шектеу бойынша қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп үлкен жұмыс жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды әдістерінің бірі моральдық тарап үлкен рөл атқаратын заңды сақтау. Жалпы айтқанда, егер сіз әлемді өзгертіңіз келсе, өзін-өзі өзгертіңіз. Бұдан шығатыны, егер әрбір азамат әрқашан өзінен бастаса, өз міндеттерін адал және әділ орындаса, онда сыбайлас жемқорлық азаяды. Осылайша, сыбайлас жемқорлықты жою үшін бүкіл қоғам күресуге тиіс. Сонда ғана біздің еліміз сыбайлас жемқорлық жоқ әлемдегі мемлекеттердің біріне айналады.

Е.ЕШМҰРАТОВ,
Ақжарма ауылдық округі әкімі



КІТАПХАНАШЫ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Кітапхана дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүндірімей әкеле жатқан шырағы биік, парасаттылық пен білімділіктің, біліктіліктің киелі ордасы. Кітапхана оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтардың жауабын табуға болатын сиқырлы да киелі орда.

Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі, қоғамның мәдени күштерін дамытудың қуатты құралы, қайнар бұлағы. Мәдениет пен өнер ұлы болмайынша, ұлт ұлы болмайды дегендей, егеменді мемлекетіміздің болашағы жастардың мәдени танымдық қабілетін қалыптастыратын мәдени ортаның бірі кітапхана болып табылатынын бүгінде білмейтін адам кемде-кем.

Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес, жұрт көп біле бермейтін, көп елене бермейтін, бірақ дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі ұшан-теңіз. Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар – ең қажет, абыройлы мамандық иелері.

Кітапханашылар білім, ғылым, өнер мен мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосып, өркениетті елге айналуымыздың негізін қалауда. Эстетикалық тағамы бай, ойы зерек, қиялы жүйрік, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдаған, оқырмандарға білім мен қажетті ақпараттың тиімдісін демдеп беріп отырған, ой-өрісі кең, жан-жақты, білімді, парасатты кітапханашылардың орны өзінше бір бөлек.

Кітапхана саласы ақпарат және білім орталығы ретінде, ақпаратты беру мен табу, іздетіру жолдарын білуде кітапханашы мамандар бірінші кезекте, жоғары ақпаратты біліммен қаруланған, өз ісін шебері, әмбебап маман болу керек.

Кітапханашының жұмысы жаңалыққа құмарлықтан

басталады. Өмірде өз жүрек қалауымен таңдаған мамандығын өмір бойы сүйіп өтетін жандар болады. Менің алғашқы таңдаған мамандығым Қызылорда ауыл шаруашылық техникумының «бухгалтер-экономист» мамандығы. Оқыған екінші жоғары оқу орным – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі және әдебиеті» пәнінің мұғалімі, үшінші Болашақ университетінің «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітіріп, қазіргі таңда Жанкожа батыр атындағы №70 орта мектепте «Кітапхана меңгерушісі» болып қызмет жасап жатқандымды мақтанышпен айта аламын. Жалпы еңбек өтілім – 26 жыл, оның ішінде кәсіби қызметімде – 18 жыл.

Сан түрлі мамандықтар бар, бірақ кітапханашы мамандығы өзінің өте қызықты да, тартымдылығымен ерекшеленеді. Себебі күн сайын жаңалыққа толы сәттер, яғни жаңа келген газет, журналдар, жаңа кітаптар және күн сайын келіп кітап алып жатқан оқырмандар, ұстаздар, қызметкерлер легі толастамайды. Жүсіпбек Аймауытов: «Мамандықтың жаманы жоқ, оқырмандарға білім мен қажетті ақпараттың тиімдісін демдеп беріп отырған, ой-өрісі кең, жан-жақты, білімді, парасатты кітапханашылардың орны өзінше бір бөлек.

Кітапхана саласы ақпарат және білім орталығы ретінде, ақпаратты беру мен табу, іздетіру жолдарын білуде кітапханашы мамандар бірінші кезекте, жоғары ақпаратты біліммен қаруланған, өз ісін шебері, әмбебап маман болу керек.

Эльмира САЙМАХАНҚЫЗЫ,
Жанкожа батыр атындағы №70 орта мектептің кітапхана меңгерушісі

«АМАНАТ CUP» XXII ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРИ АЯҚТАЛДЫ



«Жастар Рухы» мен Ұлттық пікірсайыс федерациясы ұйымдастырып жатқан турнирдің финалдық ойындарына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Самат Нұртаза, Болат Керімбек, Максим Рожин, журналист, «Уәде» тележобасының авторы Ерболат Мұхамеджан, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, «АМАНАТ» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов және «Жастар Рухы» төрағасы Ақерке Искандерова, сондай-ақ жергілікті мәслихат депутаттары мен қоғам белсенділері қатысты.

Екі күндік ойын нәтижесі бойынша қазақ лигасында «АМАНАТ CUP» кубогы мен 600 000 теңгені Алматы қаласының «Ақеспе» фракциясы (Әлімбаев

Мұхаммедәлі, Есенов Темірлан), 400 000 теңгемен ІІ орынды Алматы қаласы мен Ақтөбе облысынан құралған «Қорқыт ата» фракциясы (Жәкен Нұрхан,



Жәкен Нұркен), ал Алматы облысынан «Райым» фракциясы (Бейсенәлі Құбыла, Жақсылық Ботагөз) жүлделі ІІІ орын мен 200 000 теңгені қанжығаларына байлады.

Сонымен қатар орыс лигасында кубок пен 600 000 теңгені Павлодар облысының «Қосжар» фракциясы (Жақсылық Бекхан, Итегулов Ақылжан), астаналық «Құмбазар» (Ролан Мухитжан, Қунабай Бердалы) 400 000 теңгемен ІІ орынды, ал жүлделі ІІІ орын мен 200 000 теңгені Қызылорда облысының

«Амангелді» фракциясы (Бекжан Айзере, Төлбай Ердаулет) қанжығаларына байлады. Ал Темірлан Есенов (қазақ лигасы), Жақсылық Бекхан (орыс лигасы) «Үздік спикер» номинациясын, «Үздік төреші» атағын қазақ лигасынан Архат Сарсенбаев пен орыс лигасынан Айжан Орынбасар иеленді. Турнир үшінші жыл қатарынан «Жастар Рухы» серіктесі Ислам Ынтымақтастығы ұйымы Жастар форумының Еуразиялық өңірлік орталығының қолдауымен өтуде.

Хабарландыру

Барлық жол пайдаланушылары үшін «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ Жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолдарды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтердің тарифтері мен тарифтік сметасын бекіту туралы.

«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ барлық тармақ пайдаланушыларды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына, Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 601-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90, сондай-ақ 10.09.2024 № 56-НҚ бұйрығы негізінде, 2024 жылдың 1 қарашасынан бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін вагон/км үшін ҚҚС-сыз 168,74 теңге мөлшерінде Тариф бекітілгенін және енгізілетінін хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2018 жылғы 3 шілдедегі № 90- НҚ бұйрығы «Жылжымалы құрамға кірме жолдарды ұсыну бойынша қызметтерді көрсетудің тарифтік сметасын бекіту туралы» бір вагон/км үшін ҚҚС-сыз 217,65 теңге сомасында және Комитет департаменті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігінің Қызылорда облысы бойынша табиғи монополияларды реттеу туралы 2024 жылғы 4 шілдедегі № 33-НҚ «Өту үшін кірме жолдарды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерге уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы» жылжымалы құрамның бір вагоны/км ҚҚС-сыз 173,65 теңге сомасындағы бұйрықтарының күші жойылғандығын хабарлайды.

Сондай-ақ, тармақ пайдаланушылармен жоғарыда көрсетілген өзгерістерге сәйкесушілік шарттар жасалатын болады.

Құрметпен,
«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ҚҰҚЫҒЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Медициналық көмек көрсетуге үміткер медициналық ұйымдардың базасын жаңарту сатып алу науқаны басталғанға дейін жүргізіледі. Жыл сайын 1 қазаннан 31 қазанға дейін Қордың базасына жеткізуші ретінде енген денсаулық сақтау субъектілері веб-портал арқылы базадағы ақпараттарды жаңарту үшін өтінім береді.



Был Қор мамандары алғаш рет медициналық ұйымдардың деректер базасын жаңарту аясында медициналық ұйымдарды тексеруге кірісті. Алғашқы кезеңде облыс орталықтарында орналасқан медициналық нысандар тексерілді. Қор сарапшылары жұмыс барысында медициналық қызмет жеткізушілерінің өндірістік базаларын тексерді, олардың ішінде:

- медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялар;
- халықтың санитарлық-эпидемиологиялық ал-ауқатын қамтамасыз ету саласындағы рұқсат құжаттары;
- ионды сәулелену шығаратын құралдар мен құрылғылармен жұмыс істеуге лицензиялар (қажет болған жағдайда);
- есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорларды айналымға енгізу саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар (қажет болған жағдайда);
- медициналық қызмет түрлері бойынша лицензияға қосымшалар, сондай-ақ қажетті инфрақұрылымның (қарау кабинеті, екпе кабинеті және

- т.б.) болуы;
- қызмет көрсету үшін қажетті жабдықтардың болуы, стационардағы төсектердің санының денсаулық сақтау басқармасының бұйрығына және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет қорытындысына сәйкестігі;
- дәріханалар мен есірткі заттарын сақтау бөлмелері нормативтік құқықтық акт талаптарына сәйкес болуы.
- Медициналық көмек көрсету түрлері немесе шарттары бойынша базалық деректерді қосу немесе жаңарту үшін өтініш берген медициналық ұйымдарды тексеру нәтижесінде Қор деректерді жаңартып, ал сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, жеткізушіге бұзушылықтарды көрсететін қорытынды жібереді.
- Медициналық ұйымдар өз кезегінде бұзушылықтарды жоюға құқылы және деректер базасын жаңарту үшін өтінішті қайтадан береді. Анықталған бұзушылықтар бойынша материалдар медициналық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік органға әкімшілік шаралар қабылдау үшін жіберіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ ТАРАПЫНАН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің негізгі міндеттері өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу және тау-кен, металлургия, мұнай-газ өндіру, мұнай-химия, химия және өнеркәсіптік басқа да салаларындағы қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру болып табылады.

Мақсаты ықтимал техногендік апатқа әкеп соғуы мүмкін азаматтардың қауіпсіздігі мен қоршаған ортаға қатер төндіретін қауіпті өндірістік объектілердегі техногендік авариялардың алдын алу болып табылады және іске асыру, бақылау-қадағалау функцияларын, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерден тұрады.

Департамент тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызметтер:

Екі және одан да көп облыстар шегінде орналастырылатын қауіпті өндірістік объектіні, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңында белгіленген тәртіппен стратегиялық объектілерді қоспағанда, мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қауіпті өндірістік объектілерді, қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асырады;

Өлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғыларды қоспағанда, мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қауіпті өндірістік объектілерді, қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асырады;

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды

тұлғалар басшыларының, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емітихан комиссияларының мүшелерінің білімін тексеруді жүзеге асырады;

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беруді жүзеге асырады. Аталған қызметтер «Е-лицензия» ақпараттық жүйелері арқылы интеграцияланған, қызмет алушы ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш арқылы жеке жөнәзандық тұлғалар ала алады.

Нурлан ШАЙДАЗИМОВИЧ,
ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы бойынша Департаментінің мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібіндегі, магистральдық құбырлар және жару жұмыстарын мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншайбаева Анар
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Керімбек

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициқталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62

Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №238

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/